**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатының 2021-2022 оқу жылының тамыз айында өткен педагогикалық кеңесінің №1 хаттамасы**

Күні: 31.08.2021
Уақыты: сағ 11:30

Қатысқандар: 36
Қатыспағандар: -
Себепті: -
Себепсіз: -

**Мақсаты:** Педагогикалық және басқарушылық жұмыстарды орындауды және бағалауды қамтамасыз ету.

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
2. 2021-2022 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы бұйрықпен таныстыру.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарын бекіту.

*Д.Искакова*

4. Абай желісі және мамандандырылған оқу жоспарлары бойынша оқитын сыныптарды нақтылау және бекіту.
5. Мұғалімдердің 2021-2022 оқу жылына оқу жүктемелерін бекіту.
6. Сабақ кестесін және қоңырау кестесін бекіту. Оқу журналдарын жүргізу форматын бекіту.
7. Оқу кабинеттері мен сынып жетекшілерін, шығармашылық топтардың, «Жас мамандар» мектебінің жетекшілерін бекіту.
8. Кәсіптік қызметке алғаш кіріскен жас мамандарға тәлімгерлік тағайындау.
9. Оқу жоспарының инварианттық, вариативтік компоненттері бойынша биология пәнін ағылшын тілінде оқыту.
10. Көркем еңбек және биология пәнін ағылшын тілінде оқытылатын пәндерді топқа бөліп оқыту жағдайын қарастыру.
11. 7-сыныпқа қабылдау емтихандарынан өткен оқушылардың тізімі мен жалпы сыныптардағы оқушылардың тізімін бекіту.
12. Мұғалімдердің жылдық тақырыптық-күнтізбелік оқу жоспарларын және білімдегі олқылықтарды толтыру жоспарларын бекіту.

*Ш.Оспанова*

13. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдер тізімін бекіту.

*С.Кусаинова*

14. Интернат тәрбиеленушілерін топтарға бөліп, тәрбиешілер бекіту.
15. Тәрбиешілердің жылдық тәрбие жоспарларын бекіту.

*А.Курманалина*

16. Жаңа оқу жылындағы санитарлық-эпидемиялогиялық жағдайына орай оқу процесінде сақтық шараларын ұйымдастыру және сақтау.

*Мектеп дәрігері*

17. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерін құру.

*М.Кайржанова*

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша директор Д.Искакова сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып, өзгерістер мен ерекшеліктеріне тоқталып өтті.
2. Мектеп директоры 2021-2022 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы бұйрықты және жаңа педагогтарды ұжымға таныстырды.
3. Қаралған үшінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарын таныстырып, жаңа оқу жылында педагогтардан жоспар негізінде жүйелі түрде нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу керектігін атап өтті.
4. Төртінші мәселе бойынша ҚР БжҒМ 31.08.2021-ғы №18-1/916 шығыс хаты негізінде Республикалық Абай желісі мектептерінің тізіміне енуімізге байланысты оқу жоспары 7 А, 8 А, 9 А, 10 А сыныптары үшін «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 8 қаңтардағы № 500 бұйрығы негізінде және толықтырулар енгізіліп 2021 жылы 20 тамызда № 415 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады (109, 110 - қосымшылары).
   Оқу процесі 7 Б, 8 Б, 9 Б, 9 В, 10 Б, 10 В, 11 А, 11 Б сыныптары үшін 2021 жылы 20 тамызда № 415 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады (77, 81 - қосымшылары).
5. Бесінші қарастырылған мәселе директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Оспанова ҚР БҒМ 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Педагог мәртебесі туралы № 293-VI ҚРЗ. 8 бап негізінде 18 сағаттық жүктеме 16 сағатқа төмендетілгенін атап өтіп, мұғалімдерді оқу жүктемелерімен таныстырды.
6. Алтыншы мәселе бойынша Ш.Оспанова ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығы негізінде құрылған сабақ кестесі және қоңырау кестесін бекітуге ұсынды. Вариативті және инвариантты компонент пәндерін электронды журнал Kundelik.kz-те, ал жеке сабақтан тыс жұмыстар мен ЖОО шарттық негізінде жекелеген курстар қағаз журналда жүргізу ұсынылды.
7. Жетінші мәселе бойынша Ш.Оспанова оқу кабинеттері мен сынып жетекшілерін, шығармашылық топтардың, «Жас мамандар» мектебінің жетекшілерін бекітуге ұсынды:

   ***7-11сыныптарда сынып жетекшілік:***

   7 «А» сынып – Онгарбай Жулдыз
   7 «Б» сынып – Аманболдин Байжан Жанболатович
   8 «А» сынып – Кожахметова Резида Зейнулаевна
   8 «Б» сынып – Муратов Максат Болатович
   9 «А» сынып – Ахат Алтыншаш Досымбекқызы
   9 «Б» сынып – Торсунова Бахытгуль Рамазановна
   9 «В» сынып – Жетписбаева Когаршин Баймуратовна
   10 «А» сынып – Сағатай Айдана Асқарқызы
   10 «Б»сынып – Куспекова Канагат Магауовна
   10 «В»сынып – Алпыспаева Салтанат Амантаевна
   11 «А» сынып – Әдей Жайнагүл
   11 «Б» сынып – Даулеткалиева Толкын Болатбековна

   ***Оқу кабинеттерінің меңгерушілері:***

   №107 – Онгарбай Ж.
   № 110 – Жаргульбаев А.Е.
   №111 – Ахат А.Д.
   №113 – Шаяхметова С.С.
   №114 – Кажигалиев К.А.
   №202 – Маженова А.А.
   №203 – Торсунова Б.Р.
   №205 – Аманболдин Б.Ж.
   №208 – Шалабаева А.Б.
   №209 – Куспекова К.М.
   №210 – Сабиева Н.Ж.

№212 – Әдей Ж.
№213 – Даулеткалиева Т.Б.
№304 – Шарипов А.Б.
№305 – Муратов М.Б.
№306 – Жетпісбаева К.Б.
№307 – Кожахметова Р.З.
№308 – Алпыспаева С.А.
№309 – Нурмашев А.А.
№310 – Ташмағанбетова Л.Н.
№311 – Сағатай А.А.
№312 – Шокаев А.Е.

***2021-2022 оқу жылына пәндер бойынша шығармашылық топ жетекшілері:***

1/Ахат А.Д. – «Кеменгер» тобының жетекшісі
2/Маженова А.А. – «Шабыт» тобының жетекшісі
3/Торсунова Б.Р. – «Жалын» тобының жетекшісі
4/Шалабаева А.Б. – «Жас мамандар» мектебінің жетекшісі

8. Сегізінші мәселе бойынша Ш.Оспанова кәсіптік қызметке алғаш кірісken жас мамандарға тәлімгерлік тағайындау талаптары бойынша сөз сөйлеп, тәлімгерлікке келесі педагогтарды ұсынды:

1) Химия пәнінің мұғалімі А.Сағатайға тәлімгерлікке химия пәнінің мұғалімі Д.Искакова;
2) Физика пәнінің мұғалімі Б.Аманболдинге тәлімгерлікке математика пәнінің мұғалімі А.Шалабаева;
3) Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Н.Ж. Сабиеваға тәлімгер болып қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ж. Онгарбай.

9. Келесі қаралған мәселе бойынша Торсунова Б.Р. инварианттық компонент биология пәнін бойынша оқу бағдарламаларын ішінара (100%) ағылшын тілінде жүргізуін ұсынды.

10. Оныншы мәселе бойынша Ш.Оспанова көркем еңбек және инварианттық компонент биология пәнін ағылшын тілінде оқытылатын сыныптарды топқа бөлу қажеттілігін атап, көркем еңбек пәнінде сыныптарды топқа бөлу (ұлдар / қыздар) және инварианттық компонент биология пәнін ағылшын тілінде оқытылатын 9 «Б» сыныбын 1-2 топқа бөліп оқытуды ұсынды.

11. Он бірінші мәселе бойынша Ш.Оспанова қабылдау емтихандарынан өткен 7-сынып оқушыларының тізімі мен 8-10 сыныптарға қабылдау емтиханы негізінде ваканттық орындарға қабылданған оқушылар тізімі бойынша сөз сөйледі.

12. Келесі қаралған мәселе бойынша Ш.Оспанова 2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру екендігін атап өтті.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында педагогтарға:
- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтауды;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеуді;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеуді;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыруды ұсынды.

13. Он үшінші мәселе бойынша С.Кусаинова 2021-2022 оқу жылының аттестаттаудан өтетін мұғалімдер, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі М.Кайржанова (педагог-зерттеуші санатына кезекті) және орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі К. Жетписбаеваны (педагог-зерттеуші санатына мерзімінен бұрын) ұсынды.

14. Интернат тәрбиеленушілерін топтарға бөліп, тәрбиешілерді бекіту мәселесі бойынша А.Курманалина сөз алып, бекітуге ұсынды.

15. Келесі мәселе бойынша А.Курманалина тәрбиешілердің жылдық тәрбие жоспарларымен таныстырып, бекітуге ұсынды.
16. Мектеп дәрігері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «31» тамыздағы № 444 бұйрығы негізінде Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында дәстүрлі (штаттық) 2021-2022 оқу жылындағы оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен таныстырды. Жаңа оқу жылындағы санитарлық-эпидемиялогиялық жағдай орай оқу процесінде сақтық шараларын ұйымдастыру және сақтау мәселесі бойынша сөз сөйлеп, сақтық шараларын қатаң сақтауды сұрады.
17. Педагогикалық әдеп қағидалары тақырыбында директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары М.Кайржанова айтып өтіп, мектеп бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелерін бекітуге ұсынды.

**Төрайымы:** Ахат А.Д. - «Педагог-зерттеуші», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

**Әдеп кеңесінің мүшелері:**

1) Алдабергенова А.Ж. - Ақмола облысы білім басқармасының "АҚМОЛА ДАРЫНЫ" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы" КММ орталық басшысының міндетін атқарушы
2) Есеккеева М.М. - Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының "Жастар-ресурстық орталығы" МКМ басшысы
3) Акбатаева К.С. - зейнеткер ұстаз
4) Увалиева С.К. Ш. - Уәлиханов атындағы КМУ-нің аға оқытушысы
5) Алпыспаева С.А. - кәсіподақ ұйымның төрайымы
6) Торсунова Б.Р- «Педагог-зерттеуші», биология пәнінің мұғалімі

Мектеп директоры Д.Искакова педагогикалық кеңестің шешімімен ұжымды таныстырды.

**Педагогикалық кеңестің қаулысы:**

1. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынсын.
2. 2021-2022 оқу жылының ұйымдасқан түрде басталуы туралы бұйрық негізінде оқу жылы ұйымдастырылсын.
3. 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарын бекітілсін.
4. Оқу жоспары Абай желісі мектептері бойынша 7 А, 8 А, 9 А, 10 А сыныптары үшін (109-110 қосымшалар) және мамандандырылған оқу жоспарлары бойынша оқитын 7 Б, 8 Б, 9 Б, 9 В, 10 Б, 10 В, 11 А, 11 Б сыныптары үшін (77, 81-қосымшалар) нақтылау және бекіту.
5. Мұғалімдердің 2021-2022 оқу жылына оқу жүктемелерін бекітілсін. Жауапкершілік Ш.Оспановаға жүктелсін. (қосымша-1)
6. Сабақ кестесін және қоңырау кестесі санитарлық талаптарға сай бекітілсін. Жауапкершілік Ш.Оспановаға жүктелсін. (қосымша-2)
   Вариативті және инвариантты компонент пәндерін электронды журнал Kundelik.kz-те, ал жеке сабақтан тыс жұмыстар мен ЖОО шарттық негізінде жекелеген курстар қағаз журналда жүргізілсін.
7. Оқу кабинеттері мен сынып жетекшілерін, шығармашылық топтардың, «Жас мамандар» мектебінің жетекшілері бекітілсін. (қосымша-3)
8. Кәсіптік қызметке алғаш кіріскен жас мамандарға "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес тәлімгерлік тағайындалсын:
   1) 2021-2022 оқу жылына орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кіріскен педагог А.Сағатайға тәлімгер болып химия пәнінің мұғалімі Д.Искакова;

2) 2021-2022 оқу жылына орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кірісксн педагог Б.Аманболдинге тәлімгер болып математика пәнінің мұғалімі А.Шалабаева;

3) 2021-2022 оқу жылына орта білім беру ұйымына кәсіптік қызметке алғаш рет кірісксн педагог Н.Ж. Сабиеваға тәлімгер болып қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ж. Онгарбай тағайындалсын.

9. Торсунова Б.Р. биология пәні бойынша оқу бағдарламаларын ішінара (100%) ағылшын тілінде іске асырылып оқытылсын.
10. Көркем еңбек және биология пәнін ағылшын тілінде оқытылатын сыныптар (биология пәні) топтарға бөлініп оқытылсын.
11. 7-сыныпқа қабылдау емтихандарынан өткен оқушылардың тізімі, 8-10 сыныптарға қабылдау емтиханы негізінде вакаттық орындарға қабылданған оқушылар тізімі мен жалпы сыныптардағы оқушылардың тізімін бекітілсін. (қосымша-4)
12. Мұғалімдердің жылдық тақырыптық-күнтізбелік оқу жоспарлары және білімдегі олқылықтарды толтыру жоспарлары бекітілсін.
13. 2021-2022 оқу жылының аттестаттаудан өтетін мұғалімдер, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі М.Кайржанова педагог-зерттеуші санатына кезекті және орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі К. Жетписбаеваны педагог-зерттеуші санатына мерзімінен бұрын ұсынылсын.
14. Интернат тәрбиеленушілерін топтарға бөліп, тәрбиешілер тағайындалсын. (қосымша-5)
15. Тәрбиешілердің жылдық тәрбие жоспарлары бекітілсін.
16. Жаңа оқу жылындағы санитарлық-эпидемиялогиялық жағдайға орай оқу процесінде сақтық шаралары толық ұйымдастырылып қатаң сақталсын.
17. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері ұсынылған тізім бойынша құрылсын. (қосымша-6)

Төрайымы: Д.Искакова
Хатшы: Т.Даулеткалиева